

1998 және 1999 жылдары жобаға 158\$ 160 млн. инвестицияланған, 2000 жылы 200\$ млн., 2001 жылы 420\$ млн.

2002 жылдың жұмыстарының бағдарламасын қамтамасыз ету үшін 800\$ млн. инвестиция талап етіледі.

2003 және 2006 жылдар аралығында Қашаған кен орнын игеруге 7\$ млрд. астам салу ұсынылуда.

Agip КСО Қашаған кен орнында мұнайды осылай алуды 2015 ж бастауға жоспарлап отыр, ал коммерциялықты 2016 жылы. Өндірістік өңдеудің бастапқы сатысында консорциум күніне 5 млн. тонна мұнай алуды жоспарлауда. Бірнеше жылдан кейін бұл көрсеткіш 15 млн. тоннаға дейін жоғарылауы мүмкін.

Қашаған кен орнында болған жұмыс аралығында Қазақстанның бюджеті 250\$ млн. алды. 20013 жылы Қазақстан тағыда бонус 50\$ млн. алады деп болжамдалуда. Ал 2016 коммерциялық алу басталатын кезде 150\$ млн.-нан 200\$ млн.-ға дейін алуы мүмкін.

#### **1.4.4 «Құрманғазы» жобасы**

Қазақстан Ресеймен бұрынғы «талас аумақ» болып есептелетін Каспий шельфіндегі Құрманғазы құрылымында жүргізілген сейсмикалық зерттеулер нәтижелернен үлкен үміт күтуде.

Екі көршілес елге Каспий шельфінде жұмыстарды интенсификациялауға мүмкіндек беретін позитивті өзгерістер 2002 жылдың 13 мамырында болған. Қазақстан және Ресей президенттері пайдалы қазбаларды пайдалануға суверенді құқықты жүзеге асыру мақсатымен Каспийдің солтүстік бөлігінің түбін бөлу туралы Екі жақты Келісімге арналған Протоколға 1998ж. 6 шілдеде қол қойды.

Ресей мен Қазақстан арасында пайдалы қазбаларды суверенді пайдалануға құқықты орнататын протокол Каспий теңізінің солтүстік бөлігін модификацияланған орта сызығының географиялық координаттарын бекітті.

Модификацияланған орта сызықтың бастапқы нүктесі ретінде 46 градус 13,3 солтүстік ендік және 44 градус 26,4 шығыс бойлық қабылданған. Ал соңғы нүктесі ретінде 42 градус 33,6 солтүстік ендік және 49 градус 53,3 шығыс бойлық қабылданған. 2002 жылдың 13 мамырында қол қойылған құжатқа сай РФ Орталық және Хвалинск құрылымында пайдалы қазбаларды пайдалануға құқылы, ал ҚР Құрманғазы құрылымын пайдалануға құқылы. Егер модификацияланған орта сызығын кесіп өтетін жаңа құрылым табылса, онда бөлек келісім бойынша пайдаланылады. Құрманғазы құрылымындағы пайдалы қазбаларды игеру ҚР заңдылығына сай жүргізілетін протоколда бекітілген.

Құрманғазы құрылымында шикізаттарды қолдану ҚР заңдылықтарына сай жүргізілетіні протоколда жазылған. Құрманғазы құрылымы үшін шикізатты қолдану келісі шарты ретінде өнімді бөлу туралы шешім қабылданған.